

**Карантин режимінің күшін жою және Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 28 шілдедегі № 202 "Шығыс Қазақстан облысы аумағында карантин режимін енгізе отырып, карантин аймағын белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 1 желтоқсандағы № 296 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Өсімдіктер карантині туралы" Заңының 9-1-бабының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Шығыс Қазақстан облыстық аумақтық инспекциясының 2022 жылғы 18 қазандағы № 03/677 ұсынысы негізінде Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Шығыс Қазақстан облысы аумағында жатаған у кекіремен (*ascroptilon repens* DC.) және арам соямен (*cuscuta* spp.) зақымданған алқаптар көлемінде келесі жер учаскелерінде карантин режимінің күші жойылсын:

1) Самар ауданы (Көкпекті ауданы), Мироллюбовка ауылдық округі, "Самур" шаруа қожалығы, зақымданған алаң – 200 гектар, жатаған у кекіре;

2) Күршім ауданы, Сарыөлең ауылдық округі, "Алма ағашы" учаскесі, босалқы жерлер, зақымданған алаң – 70 гектар, жатаған у кекіре;

3) Тарбағатай ауданы, Қабанбай ауылдық округі, өзге мақсаттағы жерлер, зақымданған алаң – 20 гектар, жатаған у кекіре;

4) Ұлан ауданы, Багратион ауылдық округі, "Багратион 2" шаруа қожалығы, зақымданған алаң – 481 гектар, жатаған у кекіре; Таврия ауылдық округі, босалқы жерлер, зақымданған алаң – 37 гектар, жатаған у кекіре;

5) Шемонаиха ауданы, Волчанка ауылдық округі, өзге мақсаттағы жерлер, зақымданған алаң – 30 гектар, жатаған у кекіре; "Убинское-Ш" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, зақымданған алаң – 283 гектар, жатаған у кекіре; Октябрьское ауылдық округі, босалқы жерлер, зақымданған алаң – 85 гектар, жатаған у кекіре; Шемонаиха қаласы, өзге мақсаттағы жерлер, зақымданған алаң – 0,04 гектар, жатаған у кекіре;

6) Өскемен қаласы, № 9 жергілікті өзін-өзі басқару комитеті, зақымданған алаң – 2 гектар, жатаған у кекіре;

7) Глубокое ауданы, Глубокое кенті, елді мекен жерлері, зақымданған алаң – 0,5 гектар, арам соя; Секисовка ауылдық округі, Секисовка – Шемонаиха жолының бойында, 2-ден 3-километрге дейін, 4-тен 6-километрге дейін, 9-дан 10-километрге дейін, зақымданған алаң – 1,5 гектар, арам соя; Бобровка ауылдық округі, "

ОблШығысЖол" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Бобровка ауылы – Нұртау учаскесі жолының бойында, 1-ден 2-километрге дейін, 5-тен 6-километрге дейін, 7-ден 8-километрге дейін, зақымданған алаң – 1 гектар, арам сояу;

8) Алтай ауданы, Жаңа Бұқтырма кенті, елді мекен жерлері, зақымданған алаң – 0,1 гектар, арам сояу; "Қазақавтожол" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Шығыс Қазақстан облыстық филиалы, жол-пайдалану бөлімшесі – 32, Бұқтырма – Алтай жолының бойында, зақымданған алаң – 1,7 гектар, арам сояу; Средигорный ауылдық округі, "Қазақавтожол" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Шығыс Қазақстан облыстық филиалы, жол-пайдалану бөлімшесі – 32, Алтай – Шірікқайың жолының бойында, зақымданған алаң – 1 гектар, арам сояу; Прибрежный кенті, елді мекен жерлері, зақымданған алаң – 0,2 гектар, арам сояу;

9) Өскемен қаласы, Ғайса Аязбаев көшесі, зақымданған алаң – 0,0255 гектар, арам сояу; Рабочая көшесі, 6/1, зақымданған алаң – 0,06 гектар, арам сояу; Промышленная көшесі, зақымданған алаң – 0,35 гектар, арам сояу; Сәтпаев көшесі, 3, 7, зақымданған алаң – 0,04 гектар, арам сояу; Ворошилов көшесі, 106, 160, зақымданған алаң – 0,1 гектар, арам сояу; Потанин көшесі, 16, 18, зақымданған алаң – 0,02 гектар, арам сояу; Бажов көшесі, 54, 58, 100, 103, зақымданған алаң – 0,5 гектар, арам сояу.

2. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 28 шілдедегі № 202 "Шығыс Қазақстан облысы аумағында карантин режимін енгізе отырып, карантин аймағын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3437 тіркелген) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы қаулының 1, 2-қосымшаларына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының аумағында жатаған у кекіремен (*ascortilon repens* DC.), арам сояулармен (*cuscuta* spp.) зақымданған алқаптар көлемінде карантин режимін енгізе отырып, карантин аймағы белгіленсін.";

көрсетілген қаулының 1, 2-қосымшалары осы қаулының 1, 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулының 3-қосымшасы алып тасталсын.

3. "Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап жиырма күнтізбелік күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жариялау үшін "Қазақстан Республикасының заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Шығыс Қазақстан облысы әкімінің агроөнеркәсіп кешені мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысы  
әкімінің міндетін атқарушы

Д. Ахметов

Шығыс Қазақстан  
облысы әкімдігінің  
2022 жылғы 1 желтоқсандағы  
№ 296 қаулысына 1-қосымша  
Шығыс Қазақстан  
облысы әкімдігінің  
2014 жылғы 28 шілдедегі  
№ 202 қаулысына 1-қосымша

**Шығыс Қазақстан облысы аумағында жатаған у кекіремен (*ascroptilon repens* DC.)  
зақымданған алқаптар көлемінде карантин режимі енгізілген карантин аймағы**

№	Ауылдық округтердің және елді мекендердің атауы	Жер учаскесінің тиесілігі	Зақымданған алаң, гектар
Глубокое ауданы			
1	Глубокое кенті	Панфилов көшесі жолының бойында	1
Аудан бойынша барлығы			1
Зайсан ауданы			
2	Біржан ауылдық округі	"Шоқы" шаруа қожалығы	50
		"Бағлан" шаруа қожалығы	3
		"Тәуекел" шаруа қожалығы	5
3	Қаратал ауылдық округі	"Бота" шаруа қожалығы	20
4	Кеңсай ауылдық округі	"Ынтымақ" шаруа қожалығы	18
		босалқы жерлер, "Майлыбай" учаскесі	3
5	Зайсан қаласы	жол-пайдалану бөлімшесі – 33, Зайсан – Қалжыр жолының бойында, 1-ден 6-километрге дейін, 10-километр, 14-километр, 16-дан 20-километрге дейін, 21-ден 25-километрге дейін, 32-ден 39-километрге дейін, 45-тен 46-километрге дейін	3
		"Толқын-М.С." шаруа қожалығы	7

		"Қызмет" шаруа қожалығы	4
		босалқы жерлер, "Кашар" учаскесі	1
Аудан бойынша барлығы			114
Катонқарағай ауданы			
6	Ново-Хайрузовка ауылдық округі	"ОблШығысЖол" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, өндірістік-жол бөлімшесі – 7, Ново-Хайрузовка – Октябрь өткелі жолының бойында, 68-километр	0,5
7	Үлкен Нарын ауылдық округі	Үлкен Нарын ауылы жолының бойында, асфальтбетон зауыты, "Лыжная база" учаскесі	3
Аудан бойынша барлығы			3,5
Самар ауданы			
8	Бастаушы ауылдық округі	"ДАРХАН" шаруа қожалығы	398
9	Белен ауылдық округі	"ЖАҢАЖОЛ" шаруа қожалығы	500
		"Адал" шаруа қожалығы	580
10	Құлынжон ауылдық округі	"Талды Екпін" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20
11	Мариногорка ауылдық округі	"ЕҢБЕК-АГРО" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	200
Аудан бойынша барлығы			1698
Күршім ауданы			
12	Балықшы ауылдық округі	"ОблШығысЖол" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, өндірістік-жол бөлімшесі – 5, Күршім – Ақсуат жолының бойында, 21-ден 28-километрге дейін	10
13	Боран ауылдық округі	жол-пайдалану бөлімшесі – 33, Боран – Қалжыр жолының бойында, 56-дан 73-километрге дейін	8
		"Алқабек" учаскесі, босалқы жерлер	5
14	Күршім ауылдық округі	"Қараөзек" учаскесі, босалқы жерлер	50

15	Сарыөлең ауылдық округі	"Алма ағашы" учаскесі, босалқы жерлер	40
		"Тораңғы" учаскесі, босалқы жерлер	100
Аудан бойынша барлығы			213
Тарбағатай ауданы			
16	Ақжар ауылдық округі	Ақжар ауылының автомобиль жолының бойында, 5-тен 20-километрге дейін, 29-километр	17
17	Қарасу ауылдық округі	"ОблШығысЖол" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, өндірістік-жол бөлімшесі – 8	33
Аудан бойынша барлығы			50
Ұлан ауданы			
18	Багратион ауылдық округі	"Багратион 2" шаруа қожалығы	1939
19	Каменка ауылдық округі	"Каменское СТ" шаруа қожалығы	187
		"Синельников" шаруа қожалығы	240
20	Таврия ауылдық округі	"Иванченко" шаруа қожалығы	81
		"Пролетарка" шаруа қожалығы	276
21	Төлеген Тохтаров ауылдық округі	"Гладышев и К" шаруа қожалығы	170
22	Өскемен ауылдық округі	"Бережной" шаруа қожалығы	80
		"Ярославское" шаруа қожалығы	90
		"Иртыш" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	275
Аудан бойынша барлығы			3338
Шемонаиха ауданы			
23	Выдриха ауылдық округі	Шемонаиха – Выдриха жолының бойында, 3-километр	30
24	Зевакино ауылдық округі	"Скитер С.Л." шаруа қожалығы	160
25	Каменев ауылдық округі	"Арман" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	200

26	Разин ауылдық округі	жеке кәсіпкер "Леонтьев С.А.", "Егоровское" шаруа қожалығы	240
27	Первомай кенті	Первомай – Шемонаиха жолының бойында	3
28	Усть-Таловка кенті	"Абеков Б.Н." шаруа қожалығы	97
Аудан бойынша барлығы			730
Облыс бойынша барлығы			6147,5

Шығыс Қазақстан  
облысы әкімдігінің  
2022 жылғы 1 желтоқсандағы  
№ 296 қаулысына 2-қосымша  
Шығыс Қазақстан  
облысы әкімдігінің  
2014 жылғы 28 шілдедегі  
№ 202 қаулысына 2-қосымша

**Шығыс Қазақстан облысы аумағында арам сояулармен (*cuscuta spp.*) зақымданған алқаптар көлемінде карантин режимі енгізілген карантин аймағы**

№	Ауылдық округтердің және елді мекендердің атауы	Жер учаскесінің тиесілігі	Зақымданған алаң, гектар
Глубокое ауданы			
1	Бобровка ауылдық округі	Өскемен – Бобровка – Нұртау автомобиль жолының бойында, 2-ден 8-километрге дейін	13
		"Нұртау" демалыс базасы	1
2	Ертіс ауылдық округі	Уварова – Черногорка жолының бойында, 2-километр	0,1
		Өскемен – Шемонаиха автомобиль жолы, 4-тен 7-километрге дейін, 10-нан 14-километрге дейін, 17-ден 31-километрге дейін, 34-тен 36-километрге дейін, 38-ден 41-километрге дейін	11,5
3		Секисовка – Шемонаиха жолының бойында, 2-ден 3-километрге дейін, 4-тен 6-километрге дейін, 9-дан 10-километрге дейін	1,5
		Өскемен – Риддер автомобиль жолы, 22-ден 25-километрге дейін, 26-дан 30-километрге дейін,	

	Секисовка ауылдық округі	49-дан 52-километрге дейін, 58-ден 59-километрге дейін, 73-тен 77-километрге дейін, 85-тен 86-километрге дейін, 88-ден 90-километрге дейін, 97-ден 99-километрге дейін	18
4	Тархан ауылдық округі	Өскемен – Таулы Үлбі – Феклистовка жолының бойында, 16-дан 27-километрге дейін, 33-тен 34-километрге дейін	3
		Өскемен – Винное – Тархан жолының бойында, 0-ден 5-километрге дейін, 9-дан 13-километрге дейін	9,2
5	Ушаново ауылдық округі	"Қазақавтожол" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Шығыс Қазақстан облыстық филиалы, жол-пайдалану бөлімшесі – 30, Өскемен – Алтай автомобиль жолы, 1-ден 20-километрге дейін	5
6	Глубокое кенті	Попович көшесі, 16, 18, 20, 32, 48, Пирогов көшесі, 6, 10/1, 11Б, 14, 16, 17, 18, 20, 30/1, Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектеп, Берестов көшесі, Вокзальная көшесі, Глубокое – Өскемен – Шемонаиха жолының бойында, 0-ден 4-километрге дейін	11
		4-шағын ауданы жолының бойында	0,2
Аудан бойынша барлығы			73,5
Зайсан ауданы			
7	Кеңсай ауылдық округі	Кеңсай ауылдық округінің әкімдігі, Үйдене көлінің су бұру каналдарының бойында	8
8	Зайсан қаласы	Зайсан қаласының әкімдігі, Жеменей көлінің су бұру каналдарының бойында	10

Аудан бойынша барлығы			18
Алтай ауданы			
9	Малеевск ауылдық округі	Ладман – Малеевск жолының бойында, 7-километр	0,1
10	Парыгино ауылдық округі	көпірдің жанындағы технологиялық трассадан Парыгино ауылына дейін	0,1
11	Полянское ауылдық округі	"Мойылды Байқоңыр" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	0,4
12	Соловьево ауылдық округі	Соловьево – Ново-Крестьянка жолының бойында, 2-километр	0,1
13	Средигорный ауылдық округі	"ОблШығысЖол" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, өндірістік-жол бөлімшесі – 2, Андреев – Александровка, Никольск – Алтай жолдарының бойында	0,2
		"Қазақавтожол" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Шығыс Қазақстан облыстық филиалы, жол-пайдалану бөлімшесі – 32, Алтай – Шірікқайың жолының бойында	2
14	Чапаев ауылдық округі	Чапаев – Крестовка жолының бойында	0,1
15	Зубовск кенті	Железнодорожная көшесі , 7	0,3
		"Колор" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	0,1
		"Қазақстан" өндірістік кооперативі	0,1
16	Алтай қаласы	Молодежная көшесі, 10, Максим Горький көшесі, 15	0,1
Аудан бойынша барлығы			3,6
Катонқарағай ауданы			
		Шірікқайың – Үлкен Нарын – Катонқарағай – Рахман қайнарлары автомобиль жолы, жол-пайдалану бөлімшесі – 27, 223-тен 268-	



17	Ново-Хайрузовка ауылдық округі	километрге дейін, Октябрь өткелі – Алтай – Ново-Хайрузовка автомобиль жолы, өндірістік-жол бөлімшесі – 7	5,5
18	Үлкен Нарын ауылдық округі	"Конуров МК және Олжа" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	1
Аудан бойынша барлығы			6,5
Самар ауданы			
19	Мариногорка ауылдық округі	Көкпекті – Мариногорка жолының бойында, 5-тен 15-километрге дейін	10
Аудан бойынша барлығы			10
Күршім ауданы			
20	Қалғұты ауылдық округі	"ОблШығысЖол" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, өндірістік-жол бөлімшесі – 5, Күршім – Қалжыр жолының бойында, 20-дан 26-километрге дейін, 51-ден 62-километрге дейін	8
21	Күршім ауылдық округі	"ОблШығысЖол" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, өндірістік-жол бөлімшесі – 5, Күршім – Күршім өткелі жолының бойында, 20-дан 27-километрге дейін	2
Аудан бойынша барлығы			10
Тарбағатай ауданы			
22	Ақжар ауылдық округі	жол-пайдалану бөлімшесі – 8, Ақжар – Майқапшағай жолының бойында, 29-километр	5
23	Құйған ауылдық округі	жол-пайдалану бөлімшесі – 8, Ақжар – Құйған жолының бойында, 12-километр	0,6
Аудан бойынша барлығы			5,6
Ұлан ауданы			
24	Багратион ауылдық округі	Митрофановка – Привольное жолының бойында, 101-ден 110-километрге дейін	7

25	Каменка ауылдық округі	Каменка ауылдық округінің әкімдігі, жергілікті маңыздағы жолдар, Таврия – Пролетарка – Каменка жолының бойында, 25-тен 30-километрге дейін	1,3
26	Саратовка ауылдық округі	Саратовка – Ново-Одесск – Отрадное жолының бойында, 29-тан 36-километрге дейін	2
27	Таврия ауылдық округі	Таврия – Пролетарка – Гагарино жолының бойында, 55-тен 56-километрге дейін	4,2
		Таврия ауылдық округінің әкімдігі, жергілікті маңыздағы жолдар, Таврия – Пролетарка жолының бойында, 10-нан 24-километрге дейін	2
28	Төлеген Тохтаров ауылдық округі	Прудхоз – Герасимовка – Украинка жолының бойында, 15-тен 20-километрге дейін	1,1
29	Қасым Қайсенов кенті	Қасым Қайсенов кентінің әкімдігі, Бейбітшілік көшесі, 16-үй	0,01
Аудан бойынша барлығы			17,61
Шемонаиха ауданы			
30	Вавилон ауылдық округі	Камышинка ауылы жолының бойында, 5-тен 6-километрге дейін, 14-тен 15-километрге дейін	0,01
31	Волчанка ауылдық округі	Березовка – Волчанка – Большая Речка жолының бойында, 9-дан 10-километрге дейін, 21-ден 30-километрге дейін	0,02
32	Верх-Уба ауылдық округі	Выдриха – Верх-Уба жолының бойында, 32-ден 36-километрге дейін, 47-ден 48-километрге дейін	0,05
33	Выдриха ауылдық округі	Межовка – Выдриха жолының бойында, 6-дан 10-километрге дейін, 20-километр	0,03
		Зевакино – Новая Убинка жолының бойында, 1-	

34	Зевакино ауылдық округі	километр, 4-тен 5-километрге дейін	0,07
35	Каменев ауылдық округі	Рулиха – Рассыпное жолының бойында, 38-километр, 85-километр	0,01
36	Первомай кенті	Первомай кенті жолының бойында, 64-тен 67-километрге дейін	0,01
Аудан бойынша барлығы			0,2
Өскемен қаласы			
37	Өскемен қаласы	Пушкин көшесі, 8, 12, 25, 40	1
		"Радуга" бау-бақша қоғамы, № 1, 2, 3, 4, 12 учаскелері	0,3
		Өскемен қаласы әкімдігінің "ТАЗА ӨСКЕМЕН" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны, Жібек жолы көшесі, Гелиос автомобильге жанармай құю станциясы ауданы, Абай даңғылы, Sinooil автомобильге жанармай құю станциясы ауданы, Үлбі металлургиялық зауытының ауданы және Тойота Орталық Шығыс ауданы, Қазақстан көшесі , 153/3	2
Қала бойынша барлығы			3,3
Облыс бойынша барлығы			148,31